

1 Наурыз - Алғыс айту күні

АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ!



Елімізде көктемнің алғашқы күнінде Алғыс айту мерекесі атап өтіледі. Осыған орай кітапханада «Алғысым шексіз!» атты библиошар ұйымдастырылды. Шара барысында оқырмандар шарларға өздерінің аналарына, апала-

рына, ұстаздарына деген алғыстарын жазып, әуеге ұшырды.

Алғыс – біреудің екінші біреуге ықыласын білдіруі, рақмет айтуы. Әркім алғыс алу арқылы өзінің басқалармен қарым – қатынасын, өмірдегі орнын бағалай алады. «Рақмет» деген жақсы сөзді жиі айтындар! Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын естеріңе сақтаңдар! Бір – бірлеріңе риза болып, алғыс айтып жүріңдер!

М.ИСКАКОВА,

С.Сейфуллин ауылдық үлгілі кітапханасының кітапханашысы